

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география кафедрасы

Харжауов Ш.

**5В011600 – «География» мамандығының студенттеріне арналған
біртұтас**

ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ

5B011600 – География мамандығының студенттеріне арналған біртұтас практика бағдарламасы. – Шымкент: Шымкент университеті, 2016 ж. 14 бет.

Ұсынылған практика бағдарламасы 5B011600 – География мамандығының студенттеріне практикалық іс-тәжірибелерді өткізу үшін қажетті оқу-әдістемелік құрал болып табылады.

Рецензенттер:

Тәжекова А., ОҚМПИ г.ғ.к., аға оқытушы

Мырзалиева З. Шымкент университеті, г.ғ.к., аға оқытушы

Практика бағдарламасы Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, құпталды.

АЛҒЫ СӨЗ

Педагогикалық өндірістік практика студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Педагогикалық практика кезінде студенттер барлық географиялық пәндерден алған білімдерін жалпы білім беру мектебінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Бұл практика түрі болашақ маман үшін соңғы іс-тәжірибе болып саналады. Педагогикалық өндірістік практика 4 курста өткізіледі. Студенттер қала мектептерінде 10 апта бойында мұғалім қызметін атқарады. Мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізеді. Мектептегі оқу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарды жоспарлау, бағалау және қадағалау бойынша машықтанады.

5B011600 – География мамандығының студенттері университетте оқу кезінде, оқу жоспарына сәйкес, оқу және педагогикалық практика түрлерінен өтеді. Сөйтіп, әр теориялық курстан кейін практикалық курс өткізіледі. Оқу практикалары базалық пәндерден бастап кәсіби пәндерді де қамтиды. Оқу практикалары әр курс сайын өтілетін географиялық пәндер бойынша жүргізіледі.

Оқу практикасы 2 және 3 курста өтеді. Сонымен, оқу практикасының мақсаты базалық және кәсіби пәндер бойынша теориялық білімдерін іс-тәжірибелер арқылы нақтылау саналады. Оқу жоспары бойынша келесі пәндер бойынша оқу практикасы жүргізіледі:

1. Жалпы жертану
2. Картография топография негіздерімен
3. Геология
4. Топырақ географиясы
5. Ландшафттану
6. ТМД-ның экономикалық географиясы

1. Практика бойынша жалпы ережелер

1.1 Оқу практикасының мақсаты мен міндеттері.

Оқу практикасының мақсаты болып теориялық курстан алынған материалды іс-тәжірибелік жұмыстар арқылы бекіту болып саналады.

Оқу практикасы кезінде студенттер келесідей жұмыстар атқарады:

- Студенттерді дала бақылау жұмысы әдістерімен таныстыру.
- Жер бедері элементтерін (тау, тау арасы ойыстары, тау алды төбелері, тау алады қия жазықтықтары) табиғи жағдайда болу себептерін үйрету.
- Спеологиялық жорықтарға шығып ондағы(сталагмит және сталагтить) құбылыстардың себептерін түсіндіру
- Тау жыныстары арасынан бұлақ көздерінің шығу принципін түсіндіру
- Бедер пішіндерінің қалыптасуында климаттың үгілу процестерін түсіндіру
- Өзен аңғарын, алабын, кемерін, беткейлері мен талвегін және қайраңдарын табиғи жағдайда көрсетіп беру. Аккумулятивтік жыныстар мен аллювиал жыныстар айырмашылығын көрсету.

1.2 Оқу практикасының өткізілуіне қойылатын талаптар

Оқу практикалары пән бойынша практика жетекшісінің басшылығымен жүргізіледі. Практика алдында студенттерге практикалық сабақтың мақсаты мен міндеттері, сабақтың жүру ерекшеліктері, практикадан алынатын соңғы нәтиже мен оның маңызы түсіндіріледі. Практикалық тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік материалдар мен қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Сабақтың соңында студент практикалық тапсырманы орындағаны туралы мәлімет өткізеді. Практика жетекшісі тапсырманы қабылдап алады. Тапсырма нәтижесі тиісті бағаланады.

Оқу дала практикасында студенттер төмендегіше жұмыстар атқарды:

Практиканы ұйымдастыру бөлімінде: Практиканың мазмұнымен танысу. "Бедер пішіндері" ұғымының физикалық-географиялық мәнін ашып көрсету үйретіледі.

Бедер пішіндерінің жаратылысы, құрамымен құрылысы көрсетілді.

Дайындық кезеңінде: Алдын ала дайындалған материалдар негізінде далалық зерттеу бағадрамасын құрылады (белгіленген бағыттар нобайы, қазбалы шуруфтары, бұрғылау орындарының орналасу нұсқасы белгіленді).

Далалық зерттеу кезеңі- геоморфологиялық экспедиция зерттеулерінің негізін құрайтын бөлігі болып табылады. Осы кезеңде нақтылы деректерге негізделген материалдарды жан-жақты жиналды соның ішінде тау жыныстарының үгінділерін жинақтау және олармен алдын ала өңдеу шараларын жүргізу. Зерттеліп жатқан аймақтың геоморфологиялық құрылысы туралы алғашқы тұжырымдар жасау жұмыстары жүзеге асырылады.

Визуальдық бақылау жұмыстары. Бұл әдіс бедер пішіндерінің құрылысын, жаралу тегін, динамикасын, оларды құрайтын тау жыныстарын зерттеуге негізделген зерттеулер жүргізіледі. (Мұнда әдетте анеройд, тау компасы, геологиялық балға, рулетка сияқты қарапайым дала аспаптары кеңінен қолданылды).

Геоморфологиялық әдістермен қатар гидрометеорологиялық бақылау әдістері де қолданылады. (жазықтық тың шайылуы, арналық жемірлу, су толқынының режимі т.б.)

Ғылыми өңдеу кезеңі- Бұл дала жұмыстары кезінде барлық жинақталған деректі материалдардың жан-жақты байланысын ой елегінен өткізіп пайымдау және қорытынды шығару кезеңі болып табылғандықтан. Мұнда палеотология, минералогия, петрографиялық, микро, макрофауналық, диатондық және даладан іріктеп алған үлгілерінің басқа да түрлеріне талдау жүргізіледі.

Далалық геоморфологиялық зерттеу материалын толығымен анықталып қорытылып, графика тәсілімен көрсететін құрал, геоморфологиялық карта саналады. Бұл жеке көрсеткіштер жиынтығы бойынша рельефтің жалпы сипаттамасын оның ішінде маңыздылары болып табылатын морфографиясын, морфометриясын, қалыптасу тегін және рельефтің жасын бейнелеп беретіндіктен осы бөлімге көптеп көңіл бөлінеді.

1.3 Педагогикалық практиканың мақсаттары мен міндеттері.

Педагогикалық практиканың мақсаты болып студенттің жалпы білім беру мектебінің мұғалімі қызметін атқаруға дағдылану саналады. Педагогикалық практика кезінде практикант келесі дағдыларды қалыптастыруы қажет:

- мектеп бағдарламасы бойынша географиялық пәндерден сабақ жүргізуді меңгеру;
- пән бойынша жылдық жоспарды түзуді үйрену;
- тақырыптық жоспарды түзу;
- сабақта көрнекіліктермен жұмыс істеуді үйрену;
- сынып жетекшісі рөлін атқаруды үйрену;
- сыныптағы тәрбие сағаттарын өткізуге машықтану;
- пән бойынша географиялық үйірменің жұмысымен басқаруды меңгеру;
- белгілі тақырыпқа диспут өткізуді меңгеру;
- пән тақырыбына ашық сабақ өткізу;
- сынып оқушылыарна психологиялық мінездеме түзуді меңгеру;
- сыныптағы психологиялық климатты анықтау, оқушылармен қарым-қатынас түзуге дағдылану;
- оқушылылардың білімін бағалаудағы педагогикалық қағидаларды меңгеру;
- жалпы мектеп мұғаліміне қажетті педагогикалық ұстанымдарды меңгеруге дағдылану.

1.4 Педагогикалық практикасын өткізуге қойылатын талаптар

Педагогикалық практика міндетті түрде мектепте өткізіледі. практика өтетін мектеппен заңды бекітілген келісім шарт болуы тиіс. Педагогикалық практикаға студенттер университеттің ректорының бұйрығымен бекітілген және оқу жоспарында көрсетілген

мерзімде барады. Алдын ала, студенттердің қай мектепке және қандай сыныптарға қай сабақтардан мұғалім қызметін атқаратыны туралы мағлұматтар жиналады. Студенттерге арнайы практика жөніндегі әдіскер бекітіледі. Практикаға керекті әдістемелік және келісім шарттық құжаттар тапсырылады. Практика кезінде студенттің орындайтын жұмыстары мен жинайтын материалдары және практика туралы есеп беруге қажетті материалдар мен құжаттар тізімі нақтыланады; практикаға жолдама, күнделік және практикаға арнайы тапсырмалар.

Мектепке келгеннен кейін студенттер мектеп басшысының нұсқауы бойынша белгілі пән мұғалімінің қарамағына бекітіледі. Практикант оқу бағдарламалары және сабақ жоспарларымен еркін танысуы шарт. Практикант мектептегі техника қауіпсіздігімен танысып арнайы журналға қол қояды. Сабақ кестесімен танысады.

Практика кезінде студент күнделікті атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп жинайды. Практика соңында студент күнделігін және практика өткені туралы құжаттарды мектеп басшысының қолымен және мөрімен нақтылап жабады. Студентке мектеп басшысы мінездеме береді.

Студент күнделіктен басқа, барлық байқаған және үйренген әдістемелік материалдар туралы арнайы дәптерге материал жинайды. Практика соңында барлық жиналған материалдарды қорытындылап практика туралы есеп жазады. Университетке келгеннен кейін келесі 1 апта ішінде студент практика туралы есебін кафедраға өткізуі тиіс. Есеп университеттің арнайы кеңесінде қорғалып бағаланады.

Практикаға қатыспаған студентке және практика кезінде барлық педагогикалық ережелерді сақтамағана және оны бұзған студенттерге мектеп директоры шара қолдануға құқықты және оол туралы университет ректорына хабарлайды. Университет ректоры ол хабарды талқылап ары қарай қандай шара қолдануды шешеді.

2. Практиканың жеке түрлерінің бағдарламасы

Оқу практикалары

2.1 Оқу дала практикасы туралы қысқаша сипаттама

География оқытушыларын даярлау жүйесінің ең негізгі бір бөлігі – оқу-далалық практикасы.

Оқу далалық практикасы кезінде студенттердің жертанудың игеруге жыл бойы лекцияларда, лабораториялық сабақтарда алған білімдерді тиянақталады.

Күнделік құру және жазуды үйретілді. Жергілікті жердің изогипсоларыо картаға түсірді. Шартты белгілер схемасын сызылды. Практика соңында карталар мен схемалар және кестелерді сонымен қатар табылған материалдардың толық анализін жасап нөмірлеп студенттердің күнделігіне (тиісті) бағасын қойып, сынақ қабылданды. Оқу-дала практикасы территориялық табиғат кешенін және оның компоненттерін зерттейтін пәндердің аяқталуы. Іс-тәжірибе барысында студенттер геоморфологиялық, топырақтанулық, климатологиялық, гидрологиялық, ландшафттық дала зерттеу әдістерімен, ондағы картографиялық әдістерімен және тәсілдерімен танысады.

Студенттердің құқығы мен міндеттерін белгілеу.

- Әрбір студент оқу жоспарына сәйкес практикаға қатысуға міндетті.
- Дала практикасы барысында қазба орындарында кдуіпсіздік техникасының ережесін сақтауға міндеттеді.
- Дала жұмыстарының орындарында зиянды жәндіктерден сақтануға, гигиеналық ережелерді сақтауға міндетті.
- Дала жұмыстары кезінде климаттық географиялық жағдайларды есепке алуға міндетті.

- Студенттер дала жұмыстарынан тыс уақыттарда (лагерь жағдайында) дем алуға құқылы.
- Студент науқастанғанда оқытушының рұқсатымен үйіне қайтуға құқылы.

1. Оқу (таныстыру) педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаты:

Осы іс-тәжірибенің өту барысындағы студенттердің барлық іс-әрекеттері, қимылдарының мазмұны мүмкіндігінше мұғалімдердің шын кәсіптік мамандық жұмыстарына барынша жақындастырылуы қажет.

Пән мұғалімі қызметі және сабақ өту әдістерімен барынша таныса отырып, бағдарламаға сай дәрежеде орындалуы тиіс.

2. Оқу (таныстыру) педагогикалық іс-тәжірибенің міндеті:

- Теориялық сабақтарда алған жалпы педагогикалық шеберліктері мен дағдыларын одан әрі қарай дамыту және жетілдіру;
- Студенттер дәрістерінде және лабораториялық сабақтарда алған алғашқы білімдерін толықтыру;
- Студенттерді мектеп ұжымымен, география кабинетімен және ондағы құрал-жабдықтармен таныстыру.

3. Есеп беру құжаты:

1. Күнделік;
2. Дербес-өзіндік жұмыстары;
3. Көрнекіліктері;
4. Қорытынды есебі.

4. Оқу (таныстыру) педагогикалық іс-тәжірибеге арналаған әдістемелік нұсқаулар

Жеке жоспар. Бұл құжатта іс-тәжірибенің өтуі мерзіміндегі орындалатын барлық жұмыстар көрсетіледі. Бұл жоспар география пәнінің мұғалімінің қатысуымен бірге түзіледі және әдіскер бекітеді.

Жеке жоспар бір апта мерзіміне түзіледі. Оның мазмұны нақты және тақырыпты болуы тиіс.

Күнделік. Практиканттың күнделігі барлық жұмыстарды тіркеу үшін қажет. Әдіскер студенттің күнделікті жұмысының барысын күнделік арқылы қадағалайды. Іс тәжірибе біткенше практикант күнделігін өзімен бірге мектепте алып жүруі тиіс және оны жүйелі түрде толтыруы қажет. Тәжірибе аяқталғаннан кейін күнделік басқа құжаттармен бірге әдіскерге тапсырылады.

2.2 Педагогикалық практика туралы қысқаша сипаттама

Педагогикалық практика ұйымдастыру конференциядан басталады. Конференцияда практиканың мақсаттары мен міндеттері анықталады. Студенттерді практика өтетін мектеппен таныстырады. Мектеп директорымен және биология пәнінің мұғалімдерімен таныстырады. Мектептегі сыныптардың оқушылар туралы және сабақ жүргізудің ерекшеліктері жайлы мұғалімдермен және мектеп басшасымен әңгіме өткізеді. Студенттерге география саласындағы пәндерді біледі және сыныптарды біледі. Сабақ кестесімен таныстырады.

Мектеп базасымен танысу. География кабинетімен таныстырады. Сабаққа қажетті көрнекілік материалдар базасын анықтайды. Зертханалық сабақтарға қажетті құрал-жабдықтарды анықтайды. Мұғалімдермен кездесу кезінде мектептегі сабақ жүргізу әдістемелік кешендерінің ерекшеліктерімен таныстырады. Сыныптағы оқушылардың тәртібі мен үлгерімі туралы мағлұматтар беріледі.

Жылдық жоспарға сай практика басталған кездегі өтілетін тақырыптармен танысу. Мектептегі және сыныптағы көпшілік және қоғамдық жұмыстар жоспарларымен танысады. Студент жалпы практика жоспарын түзеді. Оқушылардың өз бетімен өтетін және географиялық кештердің, географиялық үйірмелердегі сабақтардың жоспарларын түзеді және конспектілер даярлайды.

Педагогикалық практика студенттің пән мұғалімінің сабағына пассивті қатысуынан

басталады. Екі-үш сабақтар бойынша студент мұғалімнің сабағын талдауы қажет. Сабақтың мазмұнына, әдістемелік құрылымына талдау жүргізеді. Келесі екі-үш сабақты мұғалімге жәрдемші ретінде жүргізеді.

Жалпы практика мерзімінде студент жеке өзі 7-8 сабақ өткізуі тиіс. Сонымен қатар, мектептегі басқа студенттердің сабақтарына қатысуы тиісті. Пән мұғалімінің қатынасуымен және оның қадағалауымен сынақтық сабақтарды өткізуі тиіс.

Практика соңында бекітілген сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық мінездеме түзу қажет.

Практика бойында студент мектеп өміріндегі қоғамдық жұмыс жоспары бойынша көпшілік жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысуы қажет.

Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе кезінде жүргізілетін жұмыстары туралы жеке жоспарының нұсқасы

Жеке жоспар

Күні	Жоспарланған оқу жұмысы	Жоспарланған тәрбие жұмысы
1	Университеттегі педагогикалық практиканың оқу жоспарымен танысу.	Жоспарланған тәрбие жұмысы.
2	Мектептің педагогикалық ұжымымен танысу.	Берілген сыныппен танысу.
3	Мектептегі география үйірмесімен танысу.	Оқушылардық күнделігін тексеру.
4	Күнделікті сабақ жоспарын жасау.	Халық педагогикасының маңызы. Сынып сағатын ұйымдастыру.
5	География сабағына қатысу.	Келесі тәрбие сағатын өткізуге дайындық.
6	Сабақ көрнекілігін дайындау.	Мерекелік газет шығаруды жоспарлау.

3.3 Өтілген сабаққа талдау жүргізу әдістемесіне бойынша қойылатын талаптар:

1. Сабақтың мазмұнына талдау жасау.
2. Сабақтың алдына қойылған мақсатқа жетті ме?
3. Жаңа сабақтың мазмұна толық ашылдыма жоқпа?
4. Сабақтың әдістемелік негізі немесе тәсілі дұрыс анықталған ба?
5. Сабақтың қай кездері сәтті немесе нашар өтті?
6. Жаңа сабақты түсіндіру методикасы дұрыс қойылдыма?
7. Мұғалімнің сабақ беру мәнері және білім деңгейі қандай болды?
8. Сабақ кезінде тақырып аралық және пән аралық байланыстар болдыма?
9. Жаңа сабақты бекту қалай өтті?
10. Сабаққа берілген уақыт тиімді пайдаланылдыма?
11. Сабақ кезінде оқушыларының қызығушылығын артыратын әдістер түрлері пайдаланылдыма?
12. Сабақты көрнекіліктермен қамтамасыз ету қандай дәрежеде өтті?

13. Оқушылар үй тапсырмасын қандай дәрежеде орындады?

14. Үйген тапсырма нақты және түсінікті берілдіме?

3.4 Сабақтың жүрісі бойынша талдау

1. Оқушылардың сабаққа ынтасы қандай болды?

2. Сабақтың барсыс қарқынды бодыма?

3. Түсіндіруде пайдаланылған тіл және терминдік сөздіктер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сайма ?

4. Оқушылардың сабақ кезіндегі тәртібі қандай болды?

5. Егер тыныштық сақталмаған болса, онда оның себебі неде болды?

6. Мұғалімнің сыныппен қатынасы қандай болды?

7. Мұғалім тақтаны және көрнекіліктерді қандай пайдаланды?

8. Мұғалімнің өзін өзі ұстауы, дауысы киімі, тактикасы және мәдениеті қалай болды?

9. Сыныптың сабаққа дайындығы қандай болды?

10. Сабақ әділ бағаланды ма?

11. Бағалары күнделікке қойылды ма?

12. Сабақта уақыт тиімді пайдаланылды ма?

3.5 Сабақты жоспарлаудағы ұстанатын басты ережелер

1. Сабақ құрылысында тәрбиелік және дидактикалық мақсаттар қойылуы тиіс. Сабақтың өткізу түрі анықталуы тиіс және бүгінгі сабақ өткен сабақпен байланысты болуы тиіс.

2. Сабақты дайындау және ұйымдастыру кезінде келесідей талаптар қойылады: - жоспарлау, қажетті құралдар мен жабдықтардың түрлері мен сандарын анықтау, оқушылардың өздігінен орындайтын тапсырмаларының түрлерін анықтау.

3. Сабақтың мазмұны мен оқытуға келесі талаптар қойылады: - тәрбиелік маңызы, табиғатқа сүйіспеншілік тудыру, ізденуге талпындыруы қажет.

4. Сабақ жүргізу техникасына келесі талаптар қойылады: - дауыс ырғағын пайдалану, оқушылар шаршаған кезде демлауға ыңғайлы педагогикалық әдісті қарастыру, ойын және тапсырмалық сабақ әдістерін қарастыру.

3.6 Практиканттың мінездемесінде көрсетілетін басты мағлұматтар

1. Студенттің қай мектепте практика өткені туралы мәлімет.

2. Практика кезінде өткізілген сабақтар саны.

3. Мұғалімнің орына және көмекшісі ретінде қанша сабақ өткізілді.

4. Студенттің география пәні бойынша мектеп бағдарламасын және әдістемелік негіздерін меңгеру дәрежесі туралы мәлімет.

5. Жұмысты жоспарлау және конспектілер түзудегі икемі туралы мәлімет.

6. География мұғалімінің іс әрекетіне сипаттама беру және бағалау.

7. География пәні бойынша сыныптан тыс орындалған сабақтардың саны мен сапасы туралы мәлімет.

8. Студенттің жауапкершілігі туралы мәлімет.

3.7 Практика жөнінде есеп беру құжаттар тізімі

1. Күнделік

2. Күнтізбелік сабақ жоспары.

3. Күнделікті сабақ жоспары.

4. Тәрбие сағат жоспары.

5. Ашық сабақ жоспары.

6. Мінездеме.

7. Ашық тәрбие сағаты.

8. Күнделік дәптер.

9. Көрнекіліктер.

3.8. Студенттің практика кезіндегі жеке-өзіндік тапсырмаларды орындауға әдістемелі нұсқау.

Студенттің жеке тапсырмасы оның жалпы мамандық туралы көз қарасы мен біліктілігін жетілдіру және зерттеулік қабілетін арттыру мақсатында беріледі.

Студент педагогикалық практика кезінде мектептегі оқу үрдісіне зерттеулік көз қараспен қарайды. Оқу үрдісінің қойылу тиімділігі, сапасы, тәрбиелік жұмыстардың уақытылы және тиімді жүргізілуіне, оқушылардың білім деңгейіне, мектептегі мұғалімдердің педагогикалық іс-тәжірибелеріндегі маңызды нәтижелерге және қолданылатын жаңа оқыту технологияларының іске асуына өзіндік баға береді. Студент практика нәтижесінде мектептегі оқу ісінің тиімділігін арттыру туралы өз пікірін білдіреді.

Мектептегі оқу үрдісінің көрнекілік материалдармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етелу дәрежесіне, сабақ өту барысындағы жаңа және алдыңғы педагогикалық әдістемелер мен тәсілдердің пайдалануына аса көңіл аударады.

Пән бағдарламасы мен сабаққа арналғанарнайы әдістемелік құралдардың жеткіліктілігіне және зертханалық жұмыстардың қойылу сапасына мән береді.

Аса маңызды сәт болып мектептегі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырудағы жаңа инновациялық оқыту технологияларының меңгерілуі саналады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарды атқаруына қажетті әдістемелік материалдардың мөлшері мен жұмыстардың атқарылу сапасына баға береді. биология пәні бойынша біліктілікті көтеру және табиғатты сүйю бағытында орындалатын жеке жұмыстар мен химиялық кештердің сапасын бағалайды.

Барлық байқаған жетістіктерді күнделікке жазып практика туралы есеп кезінде баяндайды.

5. Студенттің педагогикалық практикасының мектептегі жетекшісінің міндеттері

Студенттің мектептегі педагогикалық практикасын өту кезінде мектеп тарапынан практика жетекшісі тағайындалады. Ол жетекші студенттің практика жоспары бойынша барлық практикалық жұмыстарды атқару барысын қадағалайды. Педагогикалық практика тиімді және жоғары дәрежеде өтуі үшін, студент практика кезінде педагогикалық әдістер мен тәсілдерге үздік машықтануы үшін мектеп тарапынан тағайындалған жетекші келесідей жетекшілік жұмыстарды атқаруы тиіс:

- практикантқа барлық қажетті жағдайларды жасау;
- мектептегі биология пәндерінің мемлекеттік бағдарламасымен таныстыру;
- география пәні бойынша жылдық, тоқсандық және жеке сабақтық жоспарлармен танысуына мүмкіншілік беру;
- практикантқа сынып жетекшісі рөлін меңгеруге жағдай жасау;
- педагогикалық шеберлікті арттыру және жаңа технология бойынша сабақ жүргізу әдістемелерімен таныстыру;
- ашық сабақ және тәрбие сағаттарын жүргізуге мүмкіншілік беру;
- студентті педагогикалық емес жұмыстарға пайдаланбау;
- студенттің практикалық қызметін кафедра анықтаған жоспар бойынша атқаруына жағдай жасау;
- студенттің практика жөніндегі есеп түзуіне қажетті құжаттармен қамтамасыз ету;
- студентке практика жөнінде міннездеме беру;
- практика кезіндегі жетістіктер мен кемшіліктер туралы университет тарапынан тағайындалған жетекшіге хабар беру.

5. Студенттің педагогикалық практикасының кафедра тарапынан жетекшісінің міндеттері

Практика жетікшісі практика басталар алдында студенттермен жиналыс өткізуі тиіс. Жиналыста студенттерге практиканың мақсаттары мен міндеттерін, студенттің практика кезінде атқаратын жұмыстарына сипаттама, мектеп туралы, сыныптар туралы мәліметтер және студенттердің практика кезінде орындайтын жеке тапсырмаларының тақырыптарын береді. Жетекші келесі жұмыстарды атқаруы тиіс:

- практика алдындағы жиналыста практиканың уақытын, мерзімін және сипатын түсіндіреді;

- практика соңында түзілетін есептің мазмұны мен түзу ережелерін және оған керекті, практика кезінде жинайтын материалдардың сапасы мен санын көрсетеді;

- практикадан кейінгі есеп беру мерзімін анықтайды;

- практика күнделігін толтыру ережелерін түсіндіреді;

- мектеппен практиканттардың орындайтын педагогикалық жұмыстарының реті мен түрлерін анықтайды;

- студенттерге мектептегі тәжірибелі ұстаздардың арнайы дәрістер беруін және педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстармен таныстыруын қамтамасыз етеді;

- практика кезінде үнемі қадағалауды қамтамасыз етеді;

- практика біткеннен кейін практика туралы есепті кафедрада қорғауды қамтамасыз етеді;

- практика соңында қорытынды конференция өткізеді.

Педагогикалық практика біткен кезде студенттің практика туралы өткізетін құжаттар тізімі.

1. Практиканың жеке жоспары.
2. Күнделік.
3. Практика кезінде өткізілген сабақтардың тақырыптық жоспары.
4. Сабақтардың жазбаша жоспарлары.
5. Сабақтың әдістемелік талдауы.
6. Бір оқушыға берілген психологиялық-педагогикалық мінездеме.
7. География сабақтары бойынша өткізілген кештер, диспуттар және викториналар туралы есеп.
8. Бақылау сабақтарының жазбаша жоспары.
9. Практика есебі.
10. Мінездеме.

Практика жөнінде есеп беру құжаттар тізімі.

10. Күнделік
11. Күнітзбелік сабақ жоспары.
12. Күнделікті сабақ жоспары.
13. Тәрбие сағат жоспары.
14. Ашық сабақ жоспары.
15. Мінездеме.
16. Ашық тәрбие сағаты.
17. Күнделік дәптер.
18. Көрнекіліктер.

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТИ

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасы

Педагогикалық практика жөніндегі

Е С Е П

_____ (мектептің атауы)

_____ (мектептің мекен жайы)

Студент _____ (аты жөні, тегі)

Тобы _____

Практиканың өту мерзімі _____

Практиканың мектеп тарапынан жетекшісі _____

Практиканың кафедра тарапынан жетекшісі _____

Практика есебі " ____ " _____ 20__ ж.
" _____ " бағаға қорғалды.

Шымкент - 20_ ж.

I-бөлім. Практиканың жалпы мақсаттарын белгілеу:

2. Практиканың жеке түрлерінің бағдарламасы

Кіріспе. Техника қауіпсіздік ережелері. Географиялық дала іс-тәжірибе барысында зиян келтіретін және жағымсыз жағдайлар туралы түсінік. Геодезиялық тағы басқада аспаптарды тасмалдау және іс-тәжірибе барысында пайдалану ережелері.

Географиялық мамандандыру іс-тәжірибе өту жоспары. Дала жағдайында әр түрлі өлшеу жұмыстарының орындалу тәртібі. Студенттердің топшаларға бөлінуі.

Практикалық мамандандыру іс-тәжірибе өткізуге арналған қордың материалдары және картографиялық материалдар мен аэроғарыштық суреттер. Азимутты анықтайтын аспаптар: компас, буссоль. Компас пен буссольдің құрылысы және оларды пайдалану. Планшет туралы түсінік. Дала жағдайында карта-схема сызуға арналған құрал-саймандар: 1). арнайы сызғыштар, карандаштар, транспортир, циркуль-өлшеуіш, циркуль; 2). қажетті қағаз түрлері – ватман, жартылай ватман, миллиметрлік қағаз; 3). калькуляторды пайдалану тәсілдері.

Дайындық кезең.

Дала зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Дайындық кезеңі. Камеральдық жағдайда зерттеу учаскелерімен танысу. Әдебиет қорымен танысу. Қордың материалдарымен танысу, оларды дала зерттеу жұмыстарына дайындау. Картографиялық материалдармен танысу. Оқу-дала іс-тәжірибе өткізілетін ауданның алдын ала карталарын дайындау. Әдебиет қорымен танысу. Картографиялық материалдарды талдау, дала жағдайында қолданылатын карта-схемаларды дайындау. Дала жағдайында шаруашылық мақсатта қажетті заттарды дайындау.

Дала кезеңі.

Оқу-дала іс-тәжірибе өткізу орнымен танысу.

Оқу-дала іс-тәжірибе өткізу ауданына жету және онда орналасу. Орналасқан жергілікті жермен жалпы танысу. Лагерьдегі тәртіп ережісін орнату және лагерьдің кестесімен танысу. Лагерь территориясын санитарлы-гигиеналық таза түрде сақтау. Метеорологиялық бақылау жүргізуді ұйымдастыру.

Рекогносцировка.

Оқу-дала іс-тәжірибе өткізілетін лагерьдің орналасқан территориясымен танысу. Маршруттардың бағытын анықтау. Өзен алабымен жалпы танысу. Жергілікті жердің ерекшеліктерін анықтау. Ландшафттық қима жасау маршрутын анықтау. Топырақ қималары (профиль) орнын анықтау.

Өзен алабын зерттеу.

Аңғардың негізгі элементтерінің морфометриялық көрсеткіштері. Аңғардың морфологиялық түрі: а). аңғардың түбіне сипаттама

(жайылымының түзілісі, даму дәрежесі және жер бедерінің микропішіндері); б). беткейлеріне сипаттама (еңкіштігі, түзілісі, симметриялылығы); в) террасалардың генетикалық түрі, жер бедерінің микро пішіндері. Қазіргі заман геоморфологиялық процестері.

Морфоскульптураны зерттеу.

Зерттеу жерінің абсолюттік және салыстырмалы биіктерін анықтау. Суайырық сызығының орналасқан жерін анықтау. Беткейлердің пішініне жалпы сипаттама және оның еңкістігін анықтау. Жер бедерінің тілімдену дәрежесін анықтау. Қазіргі заман геоморфологиялық процестер.

Геоморфологиялық қима (профиль).

Геоморфологиялық профильдің маршрутындағы фацияларға баяндама беру. Геоморфологиялық профильді жүргізу. Негізгі геоморфологиялық процестерді анықтап, сипаттама беру.

Уақытша су ағыстарымен жасалынған жер бедерінің пішіндері.

Орналасқан жері. Эрозия базисының орны. Морфометриялық көрсеткіштері. Көлденең және бойлық профильдер. Қазіргі жер бедері қалыптасу белсенділігінің дәрежесі. Жалпы геоморфологиялық процестер.

Гидрографиялық тор.

Зерттеу ауданының гидрографиялық сипаттамасы. Зерттеу ауданындағы беткі суларымен танысу. Өзендері. Көлдері. Жер асты сулары.

Өзеннің гидрологиялық көрсеткіштері.

Өзеннің ұзындығын анықтау тәсілдері. Өзеннің ені, тереңдігі. Өзен ағысының жылдамдығын анықтау тәсілдері.

Өзеннің алқабы (бассейіні) және өзен жүйесі.

Өзен жүйесін анықтау. Өзен алқабын (бассейіні) анықтау. Көз мөлшерімен өзен жүйесін және бассейінің карта-схемасын жасау.

Топырақ түрлерімен танысу.

Зерттеу ауданында жер бедерінің басты элементтері бойынша топырақ шурфттарының орындарын анықтау, карта-схема түсіру. Топырақ шурфттарын қазу және баяндама беру тәсілдері. Топырақ қималары (профиль) орнын анықтау.

Топырақ шурфттары.

Суайырқты учаскелеріндегі және өзеннің аңғарындағы жайылымды кешендерінде топырақ шурфттарын жоспар бойынша баяндама беру. Топырақ үлгілерін алу.

Топырақ-өсімдік жамылғысына жалпы сипаттама.

Зерттеу ауданының фациялар бойынша топырақ-өсімдік жамылғысына сипаттама беру. Гербарий дайындау.

Микоклиматтық көрсеткіштерін бақылау.

Метеостанциямен танысу. Метеостанцияда жүргізілетін бақылау журналдары. Метеорологиялық алаңның схемасы.

Ландшафттық кескіндеу.

Ландшафттық карталастырудың дайындық жұмыстары. Ландшафттық профиль бойынша таңдалған пункттерде физикалық-географиялық сипаттама беру. Ландшафттық профильді карта-схемаға түсіру. Зерттеу ауданның территориялық табиғат кешендерін картаға түсіру. Зерттеу ауданның территориялық табиғат кешендірен физикалық-географиялық сипаттама беру. Зерттеу ауданның территориялық табиғат кешендерін карталастыру және оларға физикалық-географиялық сипаттама беру жұмыстарын жалғастыру. Лагерьдегі камеральдық жұмыстар. Жіргізілген зерттеу жұмыстарына жалпы бағалау, кемішілктерді жою, картографиялық жұмыстарын аяқтау.

Камеральдық кескіндеу кезеңі.

Жиналған дала материалын жоспар бойынша тәртіпке келтіру. Картографиялық материалдарды жергілікті жермен сәйкестендіру. Лагерьде санитарлы-гигиеналық жұмыстарын жүргізу. Жалпы территорияны тазалау. Оқу орнына қайту.

Тапсыратын құжаттар: Студенттің оқу-дала іс-тәжірибесінің жеке күнделігі, әр бір студенттік топшаның (бригаданың) іс-тәжірибенің тексттік есебі және карта-схемалар.

Оқу-дала практикасы есебінің жоспары:

а) Кіріспе (оқу-дала іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеті). Оқу-дала іс-тәжірибе жүргізілген ауданның географиялық орны (географиялық координаттары, абсолюттік биіктігі, әкімшілік жөніндегі жағдайы т.б.).

б) Іс-тәжірибе өткізілген ауданның жер бедеріне жалпы сипаттама, тексттік сипаттама және жер бедері пішіндері мен геоморфологиялық процестердің карта-схемасы және профилі.

в) Берілген учаскенің беткі суларына тексттік жалпы сипаттама, гидрологиялық көрсеткіштер кестесі, өзен желісінің және уақытша су ағыстарының карта-схемасы.

г) Лагерь орналасқан жеріне жалпы климаттық сипаттама және оқу-дала іс-тәжірибесі барысында жүргізілген микроклиматтық бақылау кестелері.

д) Территория бойынша топырақ-өсімдік жамылғысына тексттік сипаттама, топырақ шурфттарының баяндамасы, топырақ үлгілері.

е) Зерттеу ауданның ландшафттық карта-схемасы, тексттік сипаттама.

ж) Қорытынды.

з) Пайдалынған әдебиет тізімі, картографиялық материалдар, қордың материалдары, аэроғарыштық суреттер.

и) Қосымшалар.

Оқу дала практикасы барысында туындаған ұсыныс пікірлер:

1. Географиялық дала - практикасы Өгем жотасында дала жағдайында өтілді, бұл кейбір студенттердің ауырып сырқаттанып қалуына алып келді. Сондықтанда университет басшылары атынан өтінеріміз географиялық дала базасы болса мұндай келеңсіз оқиғалар болмас еді.

2. Дала - практикасы өтілетін Сайрам-өгем мемлекеттік ұлттық паркінде келісім-шарт жасасқанмен университет есебінен ақша төленбегендіктен ол мекемелерде біздің студенттердің көріп жүріп тұруына белгіленген алаңнан аспауын ескертеді. Сондықтан осы жайттарды есепке ала отырып осы олқылықтар шешілсе деген үміттеміз.